



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Сейтжанова Ж.С.
2026 ж.

«ОҚМА» АҚ КЛИНИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 303-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

Шымкент қ.

OŃTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		E 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімен БЕКІТІЛДІ.

Кезендік тексеру мерзімі – 3 жыл

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі			Е 303-2026	
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже			№ 3 басылым 12 беттің 3 беті	

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	5
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	7
4. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ	8
5. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	8
6. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ.....	9
7. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	9
8. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	10
9. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТӨРТІБІ	10

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		Е 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 4 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі «ОҚМА» АҚ жалпы клиникалық қызметте басшылықты жүзеге асыратын алқалы және өкілді орган болып табылады. Клиникалық Кеңес өзінің қарауына жататын мәселелерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешеді.

Клиникалық Кеңес «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен құрылады.

1.2 Клиникалық Кеңесті қалыптастыру тәртібі.

Клиникалық Кеңестің құрамына бойынша «ОҚМА» АҚ клиникалық жұмыс жөніндегі проректоры, декандар, клиникалық кафедралардың меңгерушілері кіреді. Клиникалық Кеңестің басқа мүшелері факультеттер кеңестерінде белсенді клиникалық қызметпен айналысатын, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар жетекші мамандар арасынан ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен сайланады, бірақ факультет кеңесі тізімдік құрамының жартысынан кем емес.

«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесінің төрағасы болып клиникалық кеңес мүшелерінің бірі тағайындалады. Клиникалық Кеңестің отырысында төраға клиникалық кеңестің құрамын хабарлайды.

Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

1.3. Клиникалық Кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

1.3.1. Төраға Клиникалық Кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді.

1.4. Клиникалық Кеңес өз жұмысын оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

1.5. Клиникалық Кеңестің отырыстары тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына кемінде бір рет өткізіледі.

1.6. Клиникалық Кеңестің отырысы, егер оған мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып табылады. Отырысқа дәлелді себептермен қатысудың мүмкін еместігі туралы Клиникалық Кеңес мүшесі төрағаны алдын ала хабардар етуге тиіс.

Қатарынан үш отырысты дәлелсіз себептермен өткізіп алған Клиникалық Кеңестің мүшелері комиссия құрамынан шығарылады және олардың бос орындарына жаңа мүшелер бекітіледі.

1.7. Клиникалық Кеңестің отырысында Төраға (орынбасары):

- осы ережеге сәйкес отырыстың жалпы барысына басшылық етеді;
- Клиникалық Кеңес мүшелеріне және кезектілік тәртібімен шақырылғандарға сөз сөйлеу үшін сөз береді;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		Е 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 5 беті

- процедуралық мәселелер бойынша Клиникалық Кеңестің жұмыс тәртібінен тыс сөз бере алады;

- Клиникалық Кеңес мүшелерінің ұсыныстарын дауысқа салады;
- ашық дауыс беруді өткізеді және оның нәтижелерін жария етеді;
- отырыстар хаттамаларының жүргізілуін бақылайды және оларға қол қояды.

1.8. Егер отырысқа қатысып отырған Клиникалық Кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, Клиникалық Кеңестің шешімдері қабылданды деп есептеледі.

1.9. Клиникалық Кеңестің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Клиникалық Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

1.10. Клиникалық Кеңестің шешімдерін орындау «ОҚМА» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

1.11. Клиникалық Кеңестің отырысында клиникалық кафедралардың клиникалық жұмысы жөніндегі декандардың жоспарлары мен есептері тыңдалады.

1.12. Клиникалық Кеңес «ОҚМА» АҚ клиникалық туралы ережені», «ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ережені» талқылайды оларға өзгерістер мен толықтырулар Клиникалық Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

1.13. Клиникалық Кеңес туралы ереже, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, шешімі бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Клиникалық базалардың тізбесі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығына сәйкес.

Клиникалық базалардың және кафедра қызметкерлерінің емдеу жұмысы клиникалық база болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдары мен «ОҚМА» АҚ арасындағы бірлескен қызмет туралы шарттармен, сондай-ақ «Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығына сәйкес.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі			Е 303-2026	
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже			№ 3 басылым 12 беттің 6 беті	

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары Лауазымының үлгілік қағидалары.

Сілтеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. *Бұл құжат жоғары оқу орны ұйымдастырудың жалпы қағидаларын, оның ішінде кафедралардың құрылымы мен міндеттерін айқындайды.*

Алқалы басқару органдарының (Ғылыми кеңес, кафедра мәжілістері және т.б.) жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары.

Сілтеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы». *Бұл бұйрық мәжілістерді өткізу тәртібін, хаттамаларды рәсімдеуді және шешім қабылдау тәртібін реттейді.*

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС).

Сілтеме: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2024 жылғы 27 тамыздағы № 419 бұйрығы. *Білім беру процесіне қойылатын талаптарды реттейді, бұл талаптар оқытушылардың оқу және клиникалық жүктемесімен тығыз байланысты.*

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының клиникалық базасы, клиникасы, университеттік ауруханасы, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталығы туралы ережені бекіту туралы.

Сілтеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы. *Бұл есеп үшін ең маңызды бұйрық болып табылады. Ол жоғары оқу орны мен аурухана арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін, төсек қорын және жабдықтарды пайдалану мәселелерін реттейді.*

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында білім алушыларды медициналық көмек көрсетуге тарту қағидаларын бекіту туралы.

Сілтеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығы. *Резиденттер мен студенттердің клиникалық базаларда тәлімгерлердің (ПОҚ) жетекшілігімен қызмет етуін реттейді.*

Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары мен медициналық ұйымдар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарт жасасу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Сілтеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығы. *Клиникалық базаны құрудың құқықтық негізін (үлгілік шартты) айқындайды.*

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		Е 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 7 беті

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі (2025.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

Академиялық адалдық кодексі К 121-2023.

«ОҚМА» АҚ клиникалық қызметі туралы ереже Е 414-2026.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл құжатта келесі терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

Кіріс құжаттары - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ОҚО ДСБ нормативтік ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттары, ұйымдардың хаттары мен сұрау салулары.

Шығыс құжаттама - бөлімшелер мен тұтастай алғанда «ОҚМА» АҚ емдеу-диагностикалық талдау бойынша жоспарлар, есептер, құжаттама, өтінімдер, хаттарға жауаптар, сұраулар мен өтініштер.

ПОҚ - профессор-оқытушылар құрамы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		Е 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 8 беті

СМО - сот медицинасы орталығы.

ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің.

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;

КЖЖДМ - Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі.

4. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Клиникалық қызметтің ұйымдастыру құрылымы төмендегі сызбада көрсетілген:



5. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Клиникалық Кеңестің мақсаты – көрсетілетін медициналық-диагностикалық қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған «ОҚМА» АҚ клиникалық тиімді және тиімді басқаруды қамтамасыз ету.

Клиникалық Кеңестің қызмет аясына оқытудың жаңа үлгілермен әдістерін, сондай-ақ медициналық ғылым мен денсаулық сақтау практикасының жетістіктерін пайдалана отырып, клиникалық кафедраларда оқу процесін жоспарлы жүзеге асыру; емдеу-диагностикалық көмектің жоғары деңгейін, науқастарды алдын алу диагностикасының, емдеудің және оңалтудың әдістерін қамтамасыз ету; медицина ғылымы дамуының басым бағыттарын айқындау; клиникалық пәндерді оқыту әдіснамасы; клиникалық кафедраларға оқыту процесіне қатысу; медицина кадрларын даярлауда, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау кіреді.

5.2 Клиникалық Кеңес қызметтінің міндеттері:

5.2.1. Клиникалық Кеңес «ОҚМА» АҚ клиникалық кафедраларының консультациялық-диагностикалық және емдеу жұмысын басқарады және үйлестіреді, «ОҚМА» АҚ клиникалық кафедраларының материалдық-техникалық базасын жақсарту, емдеу-диагностикалық аппараттарымен, аспаптармен және жабдықтармен жарақтандыру бойынша ұсыныстар дайындайды.

5.2.2. Клиникалық Кеңес «ОҚМА» АҚ-ның базалық емдеу-профилактикалық және фармацевтикалық мекемелермен өзара қарым-қатынасын жақсартуға ықпал

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		Е 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 9 беті

етеді. Клиникалық Кеңестің «ОҚМА» АҚ бөлімшелерімен және басқа да емдеу-алдын алу мекемелерімен мәртебесі мен үйлестіруді анықтайды.

5.2.3. Клиникалық Кеңес базалық емдеу-диагностикалық мекемелердің басшыларымен бірлесе отырып, қызметкерлердің консультациялық-диагностикалық және емдеу жұмысының бейінін, көлемін айқындайды.

5.2.4. Жасанды интеллект Клиникалық кеңес қызметінде құжаттарды дайындауды автоматтандыру, ақпаратты талдау және жүйелеу, талдамалық материалдарды әзірлеу, сондай-ақ ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында қолданылады.

6. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Клиникалық Кеңестің функцияларына мыналар кіреді:

6.1. Науқастарға көрсетілетін емдеу-диагностикалық көмек сапасына сараптамалық бағалау жүргізуді және клиникалық практикаға прогрессивті емдеу-диагностикалық әдістерді енгізуді бақылау.

6.2. Дәрігер-интерндердің, резиденттердің сапалы дайындалуын бақылау.

6.3. Клиникалық кафедралардың ПОҚ емдік жүктемесінің орындалуын бақылау.

6.4. Клиникалық кафедралардың материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыру.

6.5. Кафедраның клиникалық жұмысы бойынша аралық және жылдық есептерге талдау жүргізу.

7. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1 Клиникалық Кеңес мүшелерінің құқығы:

- клиникалық кеңес құратын органдарды сайлау және оларға сайлану;
- жарыссөздерге қатысу, отырыстарда талқыланатын мәселелердің мәні бойынша ұсыныстар, ескертулер мен түзетулер енгізу;
- кеңес жұмысының тәртібі бойынша ұсыныстар мен ескертулер енгізу;
- талқылауға шығарылатын мәселелер мен кеңес шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысу.

7.2. Клиникалық Кеңес мүшелерінің міндеттері:

- Клиникалық Кеңестің мүшелері оның отырыстарына қатысу;
- баяндамашылар отырысқа дейін 3 күннен кешіктірмей хатшыға жазбаша түрде ақпарат беру.

7.3. Клиникалық кеңестің хатшысы міндетті:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		Е 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 10 беті

- отырысқа дейін 10 күн бұрын өткізілген күнін көрсете отырып, Клиникалық Кеңес отырысының күн тәртібін жіберуге;

-Клиникалық Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қоятын, Клиникалық Кеңестің шешімдерін хаттамамен ресімдеуге.

7.4. «ОҚМА» АҚ-ның Клиникалық Кеңесі өз қызметінде білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

7.5. Клиникалық Кеңесті өз қызметінде жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК

8.1. Клиникалық Кеңестің жұмысы үшін Кеңестің төрағасы жауапты болады.

8.2. Клиникалық Кеңестің төрағасы Клиникалық Кеңестің жұмысы туралы ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына, ал кафедралар мен факультеттердің клиникалық жұмысы туралы ақпараттың дұрыстығына кафедра меңгерушілері мен декан жауапты болады.

8.3. Клиникалық Кеңес жұмысының ұйымдастырылуына жалпы бақылауды клиникалық жұмыс жөніндегі проректор жүргізеді.

8.4. Хатшы Клиникалық Кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізуге жауапты болып табылады.

8.5. Клиникалық Кеңес өз қызметінде жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жауапты болады.

8.6. Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

9. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТӘРТІБІ

Клиникалық Кеңестің іс-қимылын Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор үйлестіреді.

Клиникалық Кеңес кафедралардағы клиникалық жұмыстың тиімділігін үйлестіреді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		Е 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 11 беті

«ОҚМА» АҚ-ның жалпы және құрылымдық бөлімшелерінің клиникалық қызметінің тиімділігін реттейтін құжаттар Клиникалық кеңестің отырысында қаралады. Бекітілгеннен кейін құжаттар мен шешімдер тиісті бөлімшелер мен клиникалық кафедраларға, оның ішінде КЖЖДМ, қажет болған жағдайда СҚМ бөліміне жіберіледі. Клиникалық жұмыс жөніндегі Проректор олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Егер әзірленген құжаттар «ОҚМА» АҚ қолданыстағы процестеріне сәйкес келмеген немесе ішінара сәйкес келмеген және құжаттарға сәйкес оларды орындау мүмкін болмаған жағдайда тиісті құрылымдық бөлімше осы мәселені шешу бойынша өз ұсыныстарын енгізуі тиіс. Клиникалық Кеңес, КЖЖДМ қажет болған жағдайда СҚМ бөлімімен бірлесіп келіп түскен жазбаша ұсыныстарды қарайды, оларды келіскеннен кейін тиісті өзгерістерді қабылдайды.

Құжат айналымының реттілігі

Клиникалық Кеңес «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесіне клиникалық жұмыс жөніндегі проректор арқылы белгіленген мерзімде келесі есептік және жоспарлы құжаттарды ұсынуға міндетті:

- ОҚМА Клиникалық Кеңесінің жылына жұмыс жоспары-ағымдағы жылдың 1 қаңтарына дейін;
- ОҚМА Клиникалық Кеңесінің жұмысы туралы жылдық есеп-ағымдағы жылдың 20 желтоқсанға дейін.

Клиникалық Кеңестің жұмысы бойынша құжаттаманы сақтау мерзімі-тұрақты.

OŃTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімі		E 303-2026
«ОҚМА» АҚ Клиникалық Кеңесі туралы ереже		№ 3 басылым 12 беттің 12 беті

Әзірлеген:

Лауазымы	Аты-жөні
Клиникалық жұмыстар және дәлелді медицина бөлімінің басшысы	Пернебеков Е.М.

Тексерілген:

Лауазымы	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімі меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Лауазымы	Аты-жөні
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.К.
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.